

Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 240-IV Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 10.02.2017 № 44-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ о л д а н у ш ы л а р н а з а р ы н а !

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

РҚАО-ның ескертпесі!

ҚР Заңының қолданысқа енгізілу тәртібін 51-баптан қараңыз

Осы Заң Қазақстан Республикасында сот-сараптама қызметін жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.

Сот сараптамасын тағайындау және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу, Азаматтық іс жүргізу кодекстерімен және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен белгіленеді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы ғылыми білім – сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерінде іске асырылған, мазмұны ғылыми білімді құрайтын арнаулы білім саласы;

2) сарапшының қорытындысы – Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес ресімделген, сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелерін көрсететін құжат;

3) сот-сараптама қызметі – сот сараптамасы органдары мен сот сарапшыларының сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметі;

4) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жеке тұлғаға сот-сараптама қызметімен айналысуға беретін рұқсат;

5) сот-сараптамалық зерттеу әдістемесі – сот сараптамасының белгілі бір тегінің, түрінің нысанасына жататын мән-жайларды анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын әдістер жүйесі;

6) сот-сараптамалық зерттеу әдісі – сот сараптамасының нысанасына жататын мән-жайларды анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін зерделеу кезінде қолданылатын қисындық және (немесе) құрал-саймандық операциялар (тәсілдер, әдістер) жүйесі;

7) сот сараптамасы – шешілуі үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында арнаулы ғылыми білім негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық істердің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдарын зерттеу;

8) сот сараптамасының нысанасы – сот сараптамасын жүргізу жолымен анықталатын қылмыстық, азаматтық істерді не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді шешу үшін маңызы бар мән-жайлар;

9) сот сараптамасы объектілері – заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі мен психикалық жай-күйі, мәйіттер, жануарлар, үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарында қамтылған сот сараптамасының нысанасына жататын мәліметтер;

10) сот сараптамасы органдары – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғалар;

11) сот сараптамасы органының басшысы – сот сараптамасы органының сот-сараптама қызметіне басшылықты жүзеге асыратын адам (сот сараптамасы органының бірінші басшысы, сот сараптамасы органы аумақтық бөлімшесінің басшысы);

12) сот сарапшысы – осы Заңның талаптарына сәйкес келетін, қылмыстық процесті жүргізуші орган (адам), сот не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам), прокурор, нотариус Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сот сараптамасын жүргізуді тапсырған адам;

13) сот сарапшысы мамандығы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу саласындағы сот сарапшысының ғылыми құзыреттілігі;

14) үлгілер – сот-сараптамалық зерттеу жүргізу және сарапшының қорытынды беруі үшін қажетті, тірі адамның, мәйіттің, жануардың, заттың, нәрсенің қасиеттерін бейнелейтін материалдық дүние объектілері.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстерінен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Сот-сараптама қызметінің мазмұны

Сот-сараптама қызметінің мазмұны:

- 1) қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізуді;
- 2) сот сараптамасы саласындағы ғылыми зерттеулерді;
- 3) сот сараптамасын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді;
- 4) сот сарапшыларын іріктеуді, кәсіптік даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтиды.

4-бап. Сот-сараптама қызметінің міндеті

Сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық, азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді арнаулы ғылыми білімді қолдану нәтижелерімен қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-бап. Сот-сараптама қызметінің принциптері

Сот-сараптама қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтарын мен заңды мүдделерін сақтау;
- 3) сот сарапшысының тәуелсіздігі;
- 4) сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді пайдалануға жол беру;
- 5) сот-сараптамалық зерттеулердің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі;
- 6) сот сарапшысының кәсіптік әдебін сақтау принциптеріне негізделеді.

6-бап. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезіндегі заңдылық

Сот-сараптама қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясының және осы қызметтің құқықтық негізін құрайтын өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары дәл орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

7-бап. Сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау

1. Сот-сараптама қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделері сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Адамның құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеуді талап ететін сот-сараптамалық зерттеулер тек қана заңда белгіленген негіздерде және тәртіппен жүргізіледі.

3. Сот сараптамасы органының немесе сот сарапшысының әрекеттері (әрекетсіздігі) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін не заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге әкеп соқты деп санаған адам көрсетілген әрекеттерге (әрекетсіздікке) заңда белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

8-бап. Сот сарапшысының тәуелсіздігі

1. Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізу кезінде іс жүргізу тұрғысынан дербес, сот сараптамасын тағайындаған органнан (адамнан), сот сараптамасы органының басшысынан және басқа да адамдардан тәуелсіз болады.

2. Сот сарапшысы жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін негізге ала отырып, қорытынды береді. Бұл ретте ол Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалып, жол берілетін зерттеу құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады.

3. Сот сарапшысына құқыққа сыйымсыз ықпал етуге және оның заңды қызметіне кедергі келтіруге жол берілмейді және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-бап. Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу құралдары мен әдістерін пайдалануға жол беру

Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді қолдануға, егер олар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделсе немесе олардың нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе;
- 2) ғылыми жағынан дәлелді болса;
- 3) іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса;
- 4) қауіпсіз болса жол беріледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Сот-сараптамалық зерттеулердің жан-жақтылығы, толықтығы және объективтілігі

1. Сот сарапшысы сот-сараптамасын жүргізу кезінде өзінің арнаулы ғылыми біліміне негізделген, объектілерді жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға міндетті.

2. Сот сарапшысының қорытындысы жалпы жұрт қабылдаған ғылыми және практикалық деректер негізінде жасалған қорытындылардың негізділігі мен дәйектілігін тексеруге мүмкіндік беретін ережелерге негізделуге тиіс.

11-бап. Сот сарапшысының кәсіптік әдебін сақтау

Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде сот сарапшысының кәсіптік әдебінің нормалары сақталуға тиіс.

2-тарау. СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІНІҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

12-бап. Сот сарапшысына қойылатын кәсіптік және біліктілік талаптары

1. Сот сарапшысының арнаулы ғылыми білімі болуға тиіс.
2. Сот сараптамасын жүргізу:
 - 1) сот сараптамасы органдарының қызметкерлеріне;
 - 2) сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын жеке тұлғаларға;
 - 3) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда біржолғы тәртіппен өзге де адамдарға тапсырылуы мүмкін.
3. Біржолғы тәртіппен сараптама жүргізу:
 - 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген сот сараптамалары түрлерінің тізбесінде көзделмеген сот сараптамасы тағайындалған;
 - 2) қылмыстық, азаматтық процеске қатысушының, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның), әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушының сот сараптамасы органдарының қызметкері болып табылмайтын не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот-сараптама қызметін

лицензия негізінде жүзеге асыратын адамды сарапшы ретінде тарту туралы дәлелді өтінішхаты қанағаттандырылған;

3) сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын, сондай-ақ сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын тиісті мамандықтағы барлық сот сарапшыларының бас тартуы қанағаттандырылған не сот сараптамасы органы тұтастай сот сараптамасын жүргізуден дәлелді түрде шеттетілген;

4) осы Заңның 49-бабына сәйкес шет мемлекеттің сот сарапшысы тартылған жағдайларда тапсырылуы мүмкін.

4. Осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында және 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында аталған адамдардың жоғары білімі болуға тиіс.

5. Осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдардың сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік куәлігімен расталатын сот сарапшысы біліктілігінің болуы, оларды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің комиссиялары аттестаттаған болуы және олардың Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізілуі тиіс.

6. Осы баптың 1, 4 және 5-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматы сот сараптамасы органдарында сот сарапшысы лауазымына орналаса алады.

7. Сот сараптамасы органдарына алғаш рет жұмысқа кіретін адамдар біліктілік емтиханын тапсырумен аяқталатын арнайы кәсіптік даярлықтан өтеді. Арнайы кәсіптік даярлық қағидаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

8. Сот тәртібімен әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған не өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам сот сарапшысы бола алмайды.

Тиісті заңдық факт болған күннен бастап үш жыл бойына:

1) соттылығы заңда белгіленген тәртіппен өтелген немесе алынған;

2) қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

3) мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан, сот сараптамасы органдарынан теріс себептермен шығарылған;

4) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айырылған;

5) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясының қолданысы осы Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған адам сот сарапшысы бола алмайды.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

13-баптың қолданысқа енгізілу тәртібін осы Заңның 50-1-бабынан қараңыз.

13-бап. Сот сарапшысы біліктілігін беру

1. Сот сарапшысы біліктілігін беру оның біліктілік емтиханын тапсырып, сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігінің берілуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Біліктілік емтихандарын қабылдауды және сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін беруді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік комиссиялары жүзеге асырады.

3. Біліктілік комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

14-баптың қолданысқа енгізілу тәртібін осы Заңның 50-1-бабынан қараңыз.

14-бап. Сот сарапшысын аттестаттау

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларының, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардың кәсіптік даярлығы деңгейін айқындау мақсатында, олар бес жылда бір рет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аттестаттау комиссиялары жүргізетін аттестаттаудан өтеді.

Сот сарапшысының кәсіптік даярлығының тиісті деңгейіне негізді күмән туындаған кезде ол кезектен тыс аттестаттаудан өткізіледі.

2. Аттестаттау комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын , сондай-ақ сот сарапшысын аттестаттауды, оның ішінде кезектен тыс жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Сот сарапшысын аттестаттауды, оның ішінде кезектен тыс жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны берудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары

1. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия жеке тұлғаларға беріледі.

2. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия бас лицензия болып табылады.

3. Сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензияны берудің, беруден бас тартудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленеді.

4. Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия қызметінің қағидалары мен оның құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, тоқтату және қайта жалғастыру

1. Сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензияның қолданысын тоқтата тұрудың, қайта бастаудың, тоқтатудың және одан айырудың тәртібі, негіздері мен шарттары Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке тұлғаның сот-сараптама қызметімен айналысуына лицензияның қолданысы:

1) ол мемлекеттік қызметте болған;

2) ол Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін тұрақты немесе босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарған;

3) сот сараптамасы органдарында сарапшы лауазымында жұмыс істеген;

4) мерзімді әскери қызметті өткерген кезеңде тоқтатыла тұрады.

3. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке тұлғаның сот-сараптама қызметімен айналысуына лицензияның қолданысын тоқтатуы:

адам соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болған не хабарсыз кеткен деп танылған;

адам Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

адам қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

қылмыс немесе қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін адамға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайларда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, жеке тұлғаның сот-сараптама қызметімен айналысуына лицензиядан айыру:

1) адам сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) адамды аттестаттау нәтижелерімен расталған кәсіптік даярлығының жеткіліксіз деңгейі салдарынан оның сот сарапшысы міндеттерін атқаруы мүмкін болмаған;

3) адам аттестаттаудан өтуден жалтарған жағдайларда, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қуынымы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Көрсетілген жағдайларда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жанындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензиядан айыру туралы қуыным арызды дайындау жөніндегі ұсыныспен лицензиялаушы органның басшысына жүгінеді.

Сот-сараптама қызметімен айналысуға лицензиядан айыру оның қолданысын тоқтатуға әкеп соғады.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, лицензияның қолданысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

жанындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия ұсынған материалдардың негізінде лицензиялаушы орган басшысының бұйрығымен тоқтатыла тұрады, қайта жалғастырылады және тоқтатылады.

Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған, қайта жалғастырылған немесе тоқтатылған жеке тұлға қабылданған шешім туралы үш тәулік ішінде хабардар етіледі және тиісті мәліметтер бес тәулік ішінде Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Қазақстан Республикасы сот сарапшыларының мемлекеттік тізілімі

1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшылары туралы, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиясы бар жеке тұлғалар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, оның мақсаттары мен қалыптастыру және пайдалану қағидаларын Әділет министрлігі айқындайды.

2. Осы Заңның 12-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан орган (лауазымды адам) оны жүргізуді Қазақстан Республикасы Сот сарапшыларының мемлекеттік тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізілген сот сарапшысына тапсырады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Сот сарапшысының құқықтары

1. Сот сарапшысының:

1) сот сараптамасының нысанасына қатысты іс материалдарымен танысуға;
2) қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдарды өзіне беру туралы өтінішті мәлімдеуге;

3) қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) рұқсатымен іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге және сот отырыстарына қатысуға және оларға қатысушы адамдарға сот сараптамасының нысанасына қатысты сұрақтар қоюға;

4) өзі қатысқан іс жүргізу әрекетінің хаттамасымен, сондай-ақ тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық және дұрыс көрсетілуіне қатысты оларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға;

5) сараптаманы тағайындаған органның келісімі бойынша сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда қамтылған мәселелердің шегінен тыс мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге;

6) ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға, одан бас тартуды мәлімдеуге;

7) сот сараптамасын жүргізу кезінде қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) және істі жүргізуге қатысатын өзге де адамдардың өзінің құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттеріне шағым жасауға;

8) сот сараптамасын жүргізу кезінде келтірілген шығындарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Сот сарапшысының заңмен көзделген өзге құқықтары да болады.

2. Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізуші органды, сотты, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органды (лауазымды адамды) хабардар етпестен, сот сараптамасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша процеске қатысушылармен келіссөздер жүргізуге;

2) зерттеу үшін материалдарды дербес жинауға;

3) егер сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) оған арнайы рұқсаты болмаса, объектілерді толық немесе ішінара жоюға не олардың сыртқы түрін немесе негізгі қасиеттерін өзгертуге әкеп соғуы мүмкін зерттеулер жүргізуге;

4) сот сараптамасын тағайындаған органды (адамды) қоспағанда, сот сараптамасының нәтижелері туралы кімге де болсын хабарлауға құқылы емес.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Сот сарапшысының міндеттері

Сот сарапшысы:

1) қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге;

2) өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті зерттеу жүргізуге, өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша негізделген жазбаша қорытынды беруге;

3) заңмен көзделген жағдайларда, қорытынды беруден бас тартуға, қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді жазбаша хабарлама жасауға және оны сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) жіберуге;

4) жүргізілген зерттеуге және берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге;

5) зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) істің мән-жайлары туралы мәліметтерді және сот сараптамасын жүргізуге байланысты өзіне белгілі болған өзге де мәліметтерді, оның ішінде мемлекеттік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

7) сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) сот сараптамасын жүргізу кезіндегі шығыстардың сметасын және келтірілген шығыстар туралы есепті табыс етуге міндетті.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Сот сараптамасы органдары

Сот сараптамасы органдарына өкілеттіктеріне сот сараптамасын жүргізу, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиалық және сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу кіретін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары жатады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі 01.03.2016 бастап 2-баптан қараңыз).

21-бап. Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары

1. Сот сараптамасы органының басшысы:

1) егер:

сот сараптамасын жүргізу үшін ұсынылған материалдар заң талаптарына сәйкес келмесе;

осы сот сараптамасы органында қажетті арнаулы ғылыми білімі бар сот сарапшысы болмаса;

сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген, сот сарапшысының алдына қойылған мәселелер оның құзыретінің шегінен тыс болса ;

осы сот сараптамасы органының материалдық-техникалық базасы қажетті сот-сараптамалық зерттеу жүргізуге мүмкіндік бермесе, тиісті дәлелдерді көрсете отырып, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды

орындамастан және зерттеуге ұсынылған объектілерді сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) қайтаруға;

2) сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) алдында осы сот сараптамасы органының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарды, егер олардың арнаулы ғылыми білімі қорытынды беру үшін қажет болса, сот сарапшылары комиссиясының құрамына енгізу туралы өтініш жасауға;

3) сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) алдында шет мемлекеттің сот сарапшысын тарту туралы өтініш жасауға;

4) сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) алдында сот сараптамасы ісін жүргізу мерзімін ұзарту туралы дәлелді өтініш жасауға құқылы.

Сот сараптамасы органы басшысының заңмен көзделген өзге құқықтары да болады.

2. Сот сараптамасы органының басшысы:

1) сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті зерттеу объектілерін дербес талап етуге;

2) осы сот сараптамасы органының қызметкерлері болып табылмайтын адамдарды сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) келісімінсіз оны жүргізуге тартуға;

3) сот сарапшысына нақты сот сараптамасы бойынша қорытындылардың мазмұнын алдын ала шешетін нұсқау беруге құқылы емес.

22-бап. Сот сараптамасы органы басшысының міндеттері

Сот сараптамасы органының басшысы:

1) сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды және зерттеу объектілерін алған кезде, осы сот сараптамасы органының нақты сот сарапшысына немесе сот сарапшылары комиссиясына заң талаптарын ескере отырып іс жүргізуді тапсыруға;

2) сот сарапшысының тәуелсіздігі принципін бұзбастан, сот сараптамасын жүргізу мерзімінің сақталуына, жүргізіліп жатқан зерттеулердің жан-жақтылығына, толықтығы мен объективтілігіне, сот сараптамасы объектілерінің сақталуына бақылауды қамтамасыз етуге;

3) сот сараптамасын жүргізуді ұйымдастыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге;

4) зерттеулер жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

3-тарау. СОТ САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ

23-бап. Сот сараптамасын жүргізудің негіздері

1. Қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның),

прокурордың, нотариустың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шығарылған сот сараптамасын тағайындау туралы қаулысы, ұйғарымы сот сараптамасын жүргізуге негіз болып табылады.

2. Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу және сарапшының қорытынды беруі үшін қажетті зерттеу объектілерін және іс материалдарын ұсынады.

3. Тірі адамдарға сот сараптамасын тағайындаудың ерекшеліктері осы Заңның 4-тарауында айқындалады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі шектеулер

1. Заңда көзделген негіздер болған кезде сот сараптамасы органына сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін емес, ал басталған сот сараптамасын жүргізу дереу тоқтатылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер болған кезде сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізуге қатысудан шеттетуге жатады, ал егер ол осы сот сарапшысына тапсырылған болса, оны жүргізуді дереу тоқтатуға міндетті.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25-бап. Сот сараптамасын жүргізу мерзімдері

1. Сот сараптамасын жүргізу мерзімі сот сараптамасы органы, сот-сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын, сот сарапшысы ретінде тартылған жеке тұлға сот сараптамасын және оның объектілерін тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап есептеледі.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көздеген ерекше жағдайлардан басқа, сот сараптамасын жүргізу мерзімі отыз тәуліктен аспауға тиіс.

Сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзартуды сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы органы басшысының не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) дәлелді өтінішхаты бойынша жүзеге асырады.

Ерікті түрде сот сараптамасына тартылатын адамдардың және сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамдардың онда болу мерзімін ұзарту тәртібі осы Заңның 37-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген.

3. Сот сараптамаларының күрделілік санаттарын айқындаудың жалпы критерийлерін, олардың күрделілік санаттарына қарай сот сараптамаларын жүргізу мерзімдерін есептеу тәртібін, сондай-ақ сот сараптамасын жүргізу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

4. Сот сараптамасын жүргізу барысында зерттеу жүргізбей қорытынды беру мүмкін болмайтын қосымша материалдарды ұсыну қажеттілігі туындаған жағдайда, сот сараптамасы органының басшысы не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысы сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) атына дәлелді өтінішхат жібереді.

Көрсетілген жағдайда сот сараптамасын жүргізуді сот сараптамасы органының басшысы не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысы тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін, бірақ он тәуліктен асырмай тоқтата тұрады.

Егер сот сараптамасын жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар көрсетілген мерзім ішінде жойылмаса, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы, ұйғарым және оны жүргізу үшін ұсынылған материалдар орындалмастан, сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) атына жіберіледі.

5. Сот сарапшысының қорытындысы не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама ол жасалғаннан кейін үш тәулік ішінде сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) жіберіледі.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысуы

1. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан орган (лауазымды адам) сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуға, өзі жүргізіп жатқан іс-әрекеттеріне қатысты сот сарапшысының түсіндірмесін алуға құқылы. Сот сараптамасын жүргізу кезінде аталған тұлғалардың қатысу фактісі сарапшының қорытындысында көрсетіледі.

2. Сот сараптамасын жүргізу кезінде өздерінің немесе өздеріне берілетін құқықтары мен мүдделерін қорғайтын процеске қатысушылар қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) рұқсатымен қатысуы мүмкін. Бұл жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) қатысуы міндетті.

3. Қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан орган (лауазымды адам) тиісті өтінішті қанағаттандырған кезде, оны мәлімдеген адамға сот сараптамасының жүргізілетін орны мен уақыты туралы хабарланады. Хабарланған адамның келмей қалуы сот сараптамасын жүргізуге кедергі келтірмейді.

4. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысып отырған қатысушылар зерттеулердің барысына араласуға құқылы емес, бірақ сот сараптамасының нысанасына қатысты түсініктемелер беруі мүмкін.

5. Егер сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысып отырған қатысушы сот сарапшысының қызметіне кедергі келтірсе, сот сарапшысы зерттеуді тоқтата тұруға және қылмыстық процесті жүргізуші органның, соттың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан органның (лауазымды адамның) алдында аталған процеске қатысушыға сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуға берілген рұқсаттың күшін жою туралы өтініш жасауға құқылы.

6. Егер сот сараптамасын сот сарапшыларының комиссиясы жүргізсе, сот сарапшысы қорытынды жасаған кезде, сондай-ақ сот сарапшыларының кеңесуі және қорытындыларды тұжырымдау сатысында процеске қатысушылардың қатысуына жол берілмейді.

7. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысу ерекшеліктері осы Заңның 41-бабында айқындалады.

27-бап. Сот сараптамасы объектілерін пайдалану ережелері

1. Сот сараптамасының объектілері, егер олардың көлемдері мен қасиеттері мүмкіндік берсе, сарапшыға буып-түйілген және мөрмен бекітілген күйінде беріледі. Басқа жағдайларда сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сарапшысын зерттеу объектілері орналасқан жерге жеткізуді, оларға кедергісіз қол жеткізуді және зерттеу жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Зерттеулер жүргізу кезінде заттай дәлелдемелер және құжаттар сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) рұқсатымен зерттеулер жүргізу және қорытынды беру үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада ғана бүлдірілуі немесе пайдаланылуы мүмкін. Көрсетілген рұқсат сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда немесе сот сарапшысының өтінішін қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан ішінара бас тарту туралы дәлелді қаулыда, ұйғарымда қамтылуға тиіс.

3. Сот сараптамасы объектілерімен жұмыс істеу қағидаларын Әділет министрлігі белгілейді.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Комиссиялық сот сараптамасын жүргізу

1. Комиссиялық сараптама күрделі сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындалады және оны бір мамандықтағы кемінде екі сарапшы жүргізеді.

2. Адамның ақыл-есінің дұрыстығы туралы мәселе бойынша сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін кемінде үш сот сарапшысы тағайындалады.

3. Комиссиялық сот сараптамасын тағайындаған органның (адамның) қаулысы, ұйғарымы сот сараптамасы органының басшысы үшін міндетті. Сот сараптамасы органының басшысы сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыға, ұйғарымға сәйкес ұсынылған материалдар бойынша комиссиялық сараптама жүргізу туралы да дербес шешім қабылдауға және оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

4. Сот сараптамасы органының басшысы не комиссиялық сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) комиссияның құрамына кіретін сот сарапшыларының қызметін үйлестіру үшін жетекші сарапшыны тағайындайды.

Жетекші сарапшы сот-сараптамалық зерттеулердің жалпы жоспарын әзірлеуді жүзеге асырады, сот сараптамасын жүргізудің жалпы мерзімі шегінде жекелеген зерттеулер жүргізу мерзімдерін айқындайды және олардың сақталуын бақылайды, сот сараптамасын тағайындаған органмен (адаммен) байланысты жүзеге асырады, сот сарапшыларының кеңесіне басшылық жасайды.

5. Комиссиялық сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы толық көлемде тәуелсіз және дербес зерттеу жүргізеді.

6. Сараптама комиссиясының мүшелері алынған нәтижелерді бірлесіп талдайды және ортақ пікірге келе отырып, қорытындыға не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаға қол қояды. Сарапшылар арасында келіспеушіліктер болған жағдайда олардың әрқайсысы немесе сарапшылардың бір бөлігі жеке қорытынды береді не пікірі комиссияның қалған мүшелерінің қорытындыларымен сәйкес келмеген сарапшы оны қорытындыда жеке тұжырымдайды.

29-бап. Кешенді сараптама

1. Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін әртүрлі білім саласының негізінде зерттеулер қажет болғанда тағайындалады және оны әртүрлі мамандықтағы сот сарапшылары өз құзыреті шегінде жүргізеді.

2. Сот сараптамасы органына тапсырылған кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру оның басшысына жүктеледі. Сот сараптамасы органының

басшысы сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыға, ұйғарымға сәйкес ұсынылған материалдар бойынша кешенді сараптама жүргізу туралы да дербес шешім қабылдауға және оны жүргізуді ұйымдастыруға құқылы.

3. Кешенді сот сараптамасын жүргізу осы Заңның 28-бабы 4-тармағының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Кешенді сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сарапшыларының әрқайсысы өздерінің арнаулы ғылыми білімі шегінде зерттеу жүргізеді.

Кешенді сот сараптамасының қорытындысында әрбір сот сарапшысының қандай зерттеулерді, қандай көлемде жүргізгені және оның қандай қорытындыға келгені көрсетілуге тиіс. Әрбір сот сарапшысы қорытындының өзі жүргізген зерттеу көрсетілген бөлігіне қол қояды.

4. Әрбір сот сарапшысы жүргізген зерттеулер нәтижелерінің негізінде олар анықталуы үшін сот сараптамасы тағайындалған мән-жайлар туралы жалпы қорытындыны (қорытындыларды) тұжырымдайды. Жалпы қорытындыны (қорытындыларды) алынған нәтижелерді бағалауға құзыретті сот сарапшылары ғана тұжырымдайды және оларға қол қояды. Егер сот сарапшыларының бірі (жекелеген сот сарапшылары) анықтаған фактілер комиссияның немесе оның бір бөлігінің түпкілікті қорытындысына негіз болса, онда бұл туралы қорытындыда көрсетілуге тиіс.

5. Сот сарапшыларының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда зерттеулердің нәтижелері осы Заңның 28-бабының 6-тармағына сәйкес ресімделеді.

6. Сот сараптамасының әртүрлі органдарына тапсырылған кешенді сот сараптамаларын жүргізуді ұйымдастыру ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. Қосымша және қайталама сот сараптамаларын жүргізу

1. Қосымша сот сараптамасы сот сарапшысының қорытындысы жеткілікті түрде анық немесе толық болмаған, сондай-ақ алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттігі туындаған кезде тағайындалады.

Қосымша сот сараптамасын жүргізу сол сот сарапшысына немесе өзге сот сарапшысына тапсырылуы мүмкін.

Қосымша сот сараптамасын жүргізуді тапсыру кезінде сот сарапшысына алдыңғы сот сараптамасының қорытындысы ұсынылуға тиіс.

2. Сот сарапшысының алдыңғы қорытындысы жеткілікті түрде негізделмеген немесе оның қорытындылары күмән туғызған не сот сараптамасын тағайындау

және жүргізу туралы іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылған жағдайларда, сол объектілерді зерттеу және сол мәселелерді шешу үшін қайталама сот сараптамасы тағайындалады.

Қайталама сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда алдыңғы сот сараптамасының нәтижелерімен келіспеудің дәлелдері келтірілуге тиіс.

Қайталама сот сараптамасын жүргізу сот сарапшыларының комиссиясына тапсырылады. Алдыңғы сот сараптамасын жүргізген сот сарапшылары қайталама сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуы және комиссияға түсіндірмелер беруі мүмкін, алайда олар сараптамалық зерттеуге және қорытынды жасауға қатыспайды.

Қайталама сот сараптамасын жүргізуді тапсыру кезінде сот сарапшысына алдыңғы сот сараптамаларының қорытындылары ұсынылуға тиіс.

3. Егер екінші немесе кезектегі келесі сот сараптамасы бірнеше негіздер бойынша тағайындалып, олардың бірі - қосымша сот сараптамасына, ал басқалары қайталама сот сараптамасына жататын болса, мұндай сот сараптамасы қайталама сараптаманың ережелері бойынша жүргізіледі.

31-бап. Сарапшының қорытындысы

1. Сот сарапшысы (сарапшылар) зерттеулердің нәтижелері бойынша өз атынан жазбаша қорытынды жасайды және оны өз қол қоюымен және жеке мөрімен куәландырады. Сот сараптамасын сот сараптамасының органы жүргізген жағдайда, сот сарапшысының (сарапшылардың) қолы көрсетілген органның мөрімен расталады.

2. Сарапшының қорытындысында: оның ресімделген күні, сот сараптамасын жүргізудің мерзімдері мен орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздері; сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) туралы мәліметтер; сот сараптамасын жүргізу тапсырылған сот сараптамасы органы және (немесе) сот сарапшысы (сот сарапшылары) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы өзінің ескертілгені туралы сот сарапшысының (сарапшылардың) қойылған қолымен куәландырылған белгі; сот сарапшысының (сарапшылардың) шешуіне қойылған мәселелер; сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысқан процеске қатысушылар туралы және олар берген түсіндірмелер туралы мәліметтер; зерттеу объектілері; пайдаланылған әдістемелер көрсетілген зерттеулердің мазмұны мен нәтижелері; жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бағалау, сот сарапшысының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелер бойынша қорытындылардың негіздемесі және тұжырымы көрсетілуге тиіс.

3. Егер осы Заңның 32-бабында көрсетілген мән-жайлар сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған болса, қорытындыда сот сарапшысының (сарапшылардың) алдына қойылған барлық сұрақтарға немесе олардың кейбіреуіне жауап қайтару мүмкін еместігінің негіздемесі қамтылуға тиіс.

4. Комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама сот сараптамасын жүргізу нәтижелерін ресімдеу ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

5. Осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен куәландырылған, сарапшының қорытындысын көрнекілейтін материалдар (фотокестелер, схемалар, графиктер, кестелер және басқа да материалдар) қорытындыға қоса беріледі және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Қорытындыға зерттеуден кейін қалған объектілер де, оның ішінде үлгілер қоса берілуге тиіс.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. Сарапшының қорытындысын берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама

1. Егер сот сарапшысы (сарапшылар) зерттеу жүргізілгенге дейін оның алдына қойылған мәселелер өзінің арнаулы ғылыми білімінің шегінен тыс екеніне не оған ұсынылған материалдар қорытынды беру үшін жарамсыз немесе жеткіліксіз екеніне және орнын толықтыру мүмкін еместігіне не ғылымның және сараптама практикасының жағдайы қойылған мәселелерге жауап қайтаруға мүмкіндік бермейтініне көз жеткізетін болса, ол қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы дәлелді хабарлама жасайды және оны өз қол қоюымен және жеке мөрімен куәландырады. Сот сараптамасы органы сот сараптамасын жүргізген жағдайда сот сарапшысының (сарапшылардың) қолы көрсетілген органның мөрімен куәландырылады.

2. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламада: оның ресімделген күні, сот сараптамасын жүргізудің мерзімдері және орны; сот сараптамасын жүргізудің негіздері; сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) туралы мәліметтер; сот сараптамасын жүргізу тапсырылған сот сараптамасы органы туралы және (немесе) сот сарапшысы (сарапшылар) туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, сарапшылық мамандығы, мамандығы бойынша жұмыс өтілі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, атқаратын лауазымы); көрінеу жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы өзінің ескертілгені туралы сот сарапшысының (сарапшылардың) қойылған қолымен куәландырылған белгі; сот сарапшысының (

сарапшылардың) шешуіне қойылған мәселелер; зерттеу объектілері; сот сарапшысының (сарапшылардың) алдына қойылған мәселелерге жауап қайтарудың мүмкін еместігінің негіздемесі көрсетілуге тиіс.

3. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаның құрылымы мен мазмұнын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

4. Егер сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген бір мәселелер бойынша сот сарапшысы қорытынды берсе, ал басқалары бойынша қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама жасау үшін негіздер бар болса, ол бірыңғай құжатты – сот сарапшысының қорытындысын жасайды.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. ТІРІ АДАМДАРҒА СОТ САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

33-бап. Сот сараптамасы жүргізілуі мүмкін адамдар

Сот сараптамасы жүргізілуі мүмкін адамдардың шеңбері заңмен белгіленеді.

34-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу орны

1. Тірі адамдарға сот сараптамасы медициналық ұйымда немесе сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу және осы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлары бар басқа орында жүргізілуі мүмкін.

2. Сот сараптамасын жүргізу кезінде адамды стационарлық зерттеп-қарау қажеттігі туындаған жағдайда, ол осы Заңның 36-бабында көзделген тәртіппен медициналық ұйымға орналастырылуы мүмкін.

3. Сот сараптамасы тағайындалған адамдарды ол жүргізілетін орынға және сот-сараптамалық зерттеулер жүргізілгеннен кейін тасымалдап жеткізуді сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) қамтамасыз етеді.

35-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезіндегі еріктілік және мәжбүрлеу

1. Тірі адамдарға сот сараптамасы ерікті түрде немесе мәжбүрлеу түрінде жүргізілуі мүмкін.

2. Егер сот сараптамасы ерікті түрде жүргізілсе, сот сараптамасы органына адамның сот-сараптамалық зерттеулерге тартылуға жазбаша келісімі ұсынылуға тиіс.

3. Егер сот сараптамасы тағайындалған адам кәмелетке толмаса немесе оны сот әрекетке қабілетсіз деп таныса, оның заңды өкілі немесе қорғаншылық және қамқоршылық органы осы адамға қатысты сот сараптамасын жүргізуге жазбаша келісім береді.

4. Тірі адамдарға мәжбүрлеу түрінде сот сараптамасын жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

36-бап. Адамды сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастырудың негіздері мен тәртібі

1. Егер адамға қатысты сот сараптамасын жүргізу сот-сараптамалық зерттеулерді стационар жағдайында жүргізуді көздейтін болса, ол сот сараптамасын тағайындау туралы қаулының, ұйғарымның негізінде тиісті медициналық ұйымға орналастырылады.

2. Күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға сот шешімі бойынша ғана жол беріледі.

Күзетпен ұсталмайтын адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға сот шешімі бойынша немесе прокурордың санкциясымен жол беріледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамның болатын орны туралы оның отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірін, басқа туыстарын немесе жақын адамдарын, ал олар болмаған кезде аталған адамның тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органын жиырма төрт сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

37-бап. Сот сараптамасын жүргізу кезінде адамның медициналық ұйымда болу мерзімдері

1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, адам сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымда отыз тәулікке дейінгі қажетті мерзімге орналастырылуы мүмкін.

2. Ерікті түрде сот сараптамасына тартылған адам үшін көрсетілген мерзімді ұзартуды оның келісімімен, сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы органы басшысының не сот сараптамасы органының қызметкері болып табылмайтын сот сарапшысының (сот сарапшыларының) дәлелді өтінішхаты бойынша жүзеге асырады.

3. Сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамдардың онда болу мерзімін ұзарту Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Сот сараптамасын жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастырылған адамның онда болу мерзімінің, сондай-ақ осы мерзімді ұзарту тәртібінің бұзылуына аталған адам, оның қорғаушысы, заңды өкілі немесе іске қатысуға жіберілген өзге де өкілдер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

38-бап. Сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі

1. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде:

1) іс бойынша мәліметтер алу мақсатында олардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыруға немесе оларға қысым жасауға (оның ішінде алдау, күш қолдану, қорқыту және өзге де заңсыз шаралар арқылы);

2) аталған адамдарды медициналық технологияларды, фармакологиялық және дәрілік заттарды клиникалық зерттеулердің субъектілері ретінде пайдалануға;

3) хирургиялық араласуды көздейтін зерттеулердің әдістерін қолдануға тыйым салынады.

2. Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) сот сараптамасы жүргізілетін адамды, баламалы әдістерді қоса алғанда, қолданылатын сот-сараптамалық зерттеулердің әдістері туралы, болуы мүмкін ауырсыну сезімдері мен жанама әсерлер туралы оған түсінікті түрде хабардар етуге тиіс. Аталған хабарлама сот сараптамасы жүргізілетін адамның тиісті өтінішті мәлімдеген заңды өкіліне де беріледі.

3. Сот сараптамасы жүргізілетін адамға медициналық көмек заңда көзделген негіздер бойынша және тәртіппен ғана көрсетілуі мүмкін.

4. Медициналық ұйымға орналастырылған адамға шағымдар және өтініштер жасауға мүмкіндік беріледі. Заңда көзделген тәртіппен берілген шағымдар және өтініштер жиырма төрт сағаттың ішінде жолданым иесіне жіберіледі және цензураға жатпайды.

5. Адамға қатысты ерікті түрде жүргізілетін сот сараптамасы оның кез келген сатысында аталған адамның бастамасы бойынша тоқтатылуы мүмкін.

39-бап. Күзетпен ұсталмаған адамдарға қатысты сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізудің шарттары

1. Күзетпен ұсталмаған адамдарға қатысты сот-психиатриялық сараптама психиатриялық стационарларда жүргізіледі.

2. Күзетпен ұсталмаған адамдарға психиатриялық стационарларда сот-психиатриялық сараптама жүргізу кезеңінде оларға Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстері нормаларының күші қолданылады.

3. Аталған адамдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасында белгіленген психиатриялық стационарлар пациенттерінің құқықтарын пайдаланады.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

40-бап. Күзетпен ұсталған адамдарға қатысты сот сараптамасын психиатриялық стационарларда жүргізудің шарттары

1. Күзетпен ұсталған адамдарға қатысты сот-психиатриялық сараптама аталған адамдарды орналастыру үшін арнайы бөлінген психиатриялық стационарларда жүргізіледі.

2. Күзетпен ұсталған адамдарға сот-психиатриялық сараптаманы психиатриялық стационарларда жүргізу кезеңінде оларға Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі нормаларының күші қолданылады.

3. Аталған адамдар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау туралы заңнамасында олар үшін көзделген психиатриялық стационарлар пациенттерінің ерекшеліктерін пайдаланады.

41-бап. Тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысуы

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, процеске қатысушылардың тірі адамдарға сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстерінде, сондай-ақ осы Заңның 26-бабында айқындалады.

2. Сот-психиатриялық және сот психологиялық-психиатриялық сараптама жүргізу күйі жағдайда жүзеге асырылады.

3. Адамды жалаңаштау арқылы сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде тек қана сол жыныстағы адамдар қатыса алады. Осы шектеу аталған зерттеулерді жүргізуге қатысатын дәрігерлерге және басқа да медицина қызметкерлеріне қолданылмайды.

5-тарау. СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, АҚПАРАТТЫҚ

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, СОТ САРАПШЫЛАРЫН КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛКІЛІГІН АРТТЫРУ

42-бап. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік және оқумен қамтамасыз ету. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін арттыру

1. Сот-сараптама қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, сондай-ақ сот сарапшыларын кәсіптік даярлау мен олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдарына жүктеледі.

2. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынамалау және енгізу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.07.2013 № 113-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-бап. Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізілімі

Осы Заңның талаптарына сай келетін сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелері туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, оның мақсаттарын, қалыптастыру және пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді.

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

44-бап. Сот сараптамасы органдарының қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

Сот сараптамасы органының басшысы іс бойынша іс жүргізу аяқталған соң заттай дәлелдемелер болып табылатын нәрселерді практикалық, ғылыми және оқу-әдістемелік қызметте пайдалану үшін алу туралы қылмыстық процесті жүргізуші орган, сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуінде жатқан орган (лауазымды адам) алдында өтініш жасауға құқылы.

6-тарау. СОТ САРАПТАМАСЫ ОРГАНДАРЫНДА СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

45-бап. Сот-сараптама қызметін қаржыландыру

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 242-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сот сараптамасы органдарының сот-сараптама қызметін, оның ішінде қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізуді қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Азаматтық істер бойынша сот сараптамасын жүргізуге ақы төлеу Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

46-бап. Сот сараптамасын жүргізуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету стандарттары мен талаптары

Сот сарапшысы өз қызметін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен стандарттар мен талаптарға сәйкес келетін арнайы жарақталған үй-жайлар болған кезде жүзеге асыра алады.

Ескерту. 46-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-тарау. СОТ-САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

47-бап. Сот-сараптама қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Сот сараптамасының органдары бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми және әдістемелік ақпарат алмасу, сот сарапшыларын кәсіптік даярлау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында шет мемлекеттердің сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын органдарымен және қызметтерімен заңға сәйкес халықаралық байланыстар орнатуға құқылы.

48-бап. Шет мемлекеттің құзыретті органының тапсыруы бойынша сот сараптамасын жүргізу

Сот сараптамасы Қазақстан Республикасының халықаралық шарты бар шет мемлекеттің құзыретті органының тапсыруы бойынша жүргізілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

49-бап. Шет мемлекеттің сот сарапшыларын тарта отырып, сот сараптамасын жүргізу

1. Сот сараптамасын тағайындаған орган (адам) заңда белгіленген тәртіппен, өз бастамасы бойынша не сот сараптамасы органы басшысының өтініші

бойынша шет мемлекеттердің сот сараптамасы саласындағы мамандарын тарту туралы өтініш жасауға құқылы.

2. Шет мемлекеттердің сот сарапшыларының қатысуымен сот сараптамасын жүргізу Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу, Азаматтық іс жүргізу кодекстерінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде, сондай-ақ осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

50-бап. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы заңнамасын бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

50-1-бап. Өтпелі ережелер

1. 2016 жылғы 1 шілдеге дейін:

1) осы Заңның 13-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Біліктілік емтихандарын қабылдауды және сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін беруді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның біліктілік комиссиялары жүзеге асырады.";

2) осы Заңның 14-бабы 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Сот сараптамасы органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларының, сондай-ақ сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардың кәсіптік даярлығы деңгейін айқындау мақсатында олар бес жылда бір рет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның аттестаттау комиссиялары жүргізетін аттестаттаудан өтеді.";

2. 2016 жылғы 1 шілдеден бастап:

1) осы Заңның 13-бабының 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Біліктілік комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

4. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.";

2) осы Заңның 14-бабының 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Аттестаттау комиссиялары қызметінің қағидаларын және олардың құрамын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

3. Сот сарапшысын аттестаттауды, оның ішінде кезектен тыс жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайды.

Ескерту. 8-тарау 50-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

51-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Сот сараптамасы туралы" 1997 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 21, 276-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 21-22, 281-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 10, 32-құжат; 2006 ж., № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев